Мәтіндік-интерпретациялық талдау зерттеудің негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданылды. Бұл тәсіл өлең мәтіндеріндегі бейнелі сөз қолданыс, метафоралық жүйе, поэтикалық интонация және лирикалық қаһарманның дүниетанымын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Азаттық идеясы тек мазмұндық деңгейде емес, көркемдік құрылым, образ жүйесі және стильдік тәсілдер арқылы қалай жүзеге асатыны талданды. Интерпретациялық талдау барысында поэзиялық мәтіннің көпқабатты мағынасы, астарлы семантикасы және идеологиялық контекстпен байланысы ескерілді.

Контенттік талдау әдісі Қасым Аманжолов поэзиясындағы азаттыққа қатысты лексикалық және семантикалық өрістерді анықтау мақсатында қолданылды. Ақын өлеңдеріндегі «еркіндік», «ұлт», «ел», «жер», «адам», «тағдыр» сияқты кілтті ұғымдар жүйеленіп, олардың поэтикалық қызметі айқындалды. Бұл тәсіл азаттық идеясының поэзияда кездейсоқ мотив емес, тұрақты әрі жүйелі концепт екенін көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық базасы ретінде қазақ әдебиеттану ғылымындағы классикалық және заманауи еңбектер пайдаланылды. Әдебиет теориясы, поэтика, лирикалық қаһарман және көркемдік ойлау мәселелеріне арналған еңбектер зерттеу нәтижелерін интерпретациялауда негізгі тірек болды. Сонымен қатар тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық әдебиетке арналған зерттеулер ақын шығармашылығын қазіргі ғылыми парадигма тұрғысынан бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында ғылыми объективтілік пен академиялық бейтараптық қағидалары сақталды. Мәтіндерді талдауда бағалауыш, публицистикалық сипаттан гөрі дәлелді ғылыми пайым басым болды. Әдістердің кешенді қолданылуы Қасым Аманжолов поэзиясындағы азаттық идеясының көркемдік табиғатын біржақты емес, көпқырлы құбылыс ретінде қарастыруға жағдай жасады.

Зерттеу барысында ғылыми жарияланымдарға контенттік талдау жасалып, отандық және халықаралық Қасым шығармаларындағы азаттық идеясының басқа қазақ ақындарының І.Жансүгіров (1960) шығармаларымен ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырылды. Қасым мен Ілияс поэзиясындағы «ұлт азаттығы» ұғымының берілу тәсілдері, поэтикалық стиль мен лексикалық талдау салыстырылып, Қасымның поэзиялық ерекшелігі дараланады.

3. Нәтижелері мен оның талқылануы

Ақын лирикасындағы азаттық идеясы лирикалық қаһарманның аксиологиялық (құндылықтар жүйесі) дүниетанымымен, азаматтық-патриоттық ұстанымымен және дербес стильдік қолтаңбасымен сабақтастықта зерделенді.Ақынның еркіндік концепциясы – бұл тек саяси ұмтылыс қана емес, бұл – Т.С. Элиоттың (1909) "Дәстүр және индивидуалды талант" теориясы аясындағы рухани жаңғыру процесі.Қ. Аманжоловтың ұлылығы – оның Махамбет, Абай, Мағжан сынды "жампоздар" қалыптастырған классикалық мектепті заман талабына сай модернизациялауында екені дәлелденді. Бұл жерде Г.Блумның (1973) "әсерден қорқу" (The Anxiety of Influence) концепциясы тұрғысынан қарасақ, Қасым алдыңғы буынның ықпалын игере отырып, оны еркін интонация мен психологиялық параллелизм арқылы қайта конструкциялады. Ақынның стильдік ізденістері мен азаттық идеясының органикалық бірлігі оның жаңашыл поэтикалық жүйесін қалыптастырды.Қ. Аманжоловтың көркемдік-эстетикалық мектебі кейінгі қазақ-ақын жазушыларына (М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов, т.б.) игі әсер етіп, олардың шығармашылық лабораториясына бағыт берді. Жұмыс барысында теориялық анализ әдісі қолданды, материал ретінде Қасым Аманжоловтың шығармалар жинағы (2014), әдебиеттанушылар С.Қирабаев (2007), Р.Нұрғали (2002), Б.Әбдіғазиұлы (2002) еңбектері қолданды.

1940 жылы ақын небәрі жиырма тоғыз жаста еді. Қазан төңкерісінің елге қандай өзгеріс әкелгенін білмесе де, жастау болса да, отызыншы жылдардағы алапат оқиғаларға куә болды. Ауыр аласапыран уақыт оны ерте есейтті. Отыз жасқа толар-толмаста жазған өлеңіне назар аударалық.

Ей, тәкаппар дүние!
Маған да бір қарашы.
Танисың ба сен мені?
Мен қазақтың баласы!
«Тағы жұрт» деп тағы да,
Танымассың, білмессің.
Өйткені мен қазақпын,
«Англичанин» емеспін.
Танисың ғой сен оның
Өзінен бұрын мылтығын,
Дәріптейсің қасиетін
Адамы түгіл, итінің.
Мен де оны бір кезде
Етігінен танығам
Қадай басып өкшесін,
Далама кеп қаңғыған.

«Ей, тәкаппар дүние!» образы – кеңістіктің кеңдігін ғана емес, лирикалық қаһарманның сол кеңістіктегі азат орнын айқындайды.

Барша әлемге тіл қатуы азаматтық ұстанымының, қаламгерлік тұжырымының биікте екенін байқатады. Уытты өлең жолдары социалистік реализм қағидаларында дұшпан боп есептелген еуропалық алпауыттарға, күні кешегі ресейлік патшаның іс-әрекеттеріне қарсылық ретінде жазылған. Ақын өлеңінде асқақтық бар, өр даусында уыт бар, салмақтылық бар. Бәрінен бұрын сенім бар, жігер бар.

Бұндағы «Далама кеп қаңғыған» деп тұрғаны қиын Қазан төңкерісіне дейін қазақ жеріне келіп, кен орындарын ашып байыған еуропалық алпауыттар мәселен, ағылшын байлары, кәсіпкерлері

«Тағы» дейтін халқымды,
Дозақ дейтін даланы.
Кен қазам деп көр қазып,

Ақтаратын моланы.
Жылап жатса бір қазақ,
Күлуші еді-ау ол өлі!
Соның бәрі сұрқия
Сұм патшаның әлегі.
Екі аяқты ақ патша
Көп батырды шеңгелін.
Сар далада сарғайдым,
Қасіретпен шөлдедім.
Мынау қара көзімнен
Сансыз дария жас ақты.
Өз етімді өзіме
Кесіп алып асатты.

Бұл жолдарда ақынның белгілі бір дәрежеде ашынған сондықтан да уытты жолдарға арқау болған ойлары бар, ақынның өр даусы ерекше байқалады, өйткені, бұл жолдарда өз халқының мұңы бар, көз жасы бар. Қазағының шеккен зардабы, көрген қиянаты ақынның намысын жанып тұр. Намысты, арлы қазақ болсам деп едім, ел болсам деп ойлаушы емдеген жолдар тұтас келіп, алдыңғы шумақтардағы негізгі ойды одан әрі дамытып тұр.

Деп ойлаушы ем, сол болды,
Арманыма жеттім мен.
Үдере жорттым, жол болды,
Тау төңкердім екпінмен.
Енді мені менсінбес
Европаның қай елі?
Қарсы келсем, құшақтар
Қаратпайтын әйелі.
Сорлы негр қара боп
Туғанына жазықты.
Тәкаппарсың, дүние,
Көп қорладың аз ұлтты.
Қаталастың бірақ сен,
Аз дегенің көп екен.
Көміп кетер кепшілік,
Көп кешікпес, күні ертең.

Дүние неге адамдарды нәсілге бөледі? «Сорлы негр қара боп тұрғанына жазықты» деген жолдары ақынның айтпағы осы. Адамдар неге тең құқыққа ие емес? Неге әділетсіздік басым? Енді тереңірек үңілсек, жап-жас ақынды әлеуметтік теңсіздік, нәсілге, ұлтқа бөлушілік, өзгелерді «аға ұлттың кемсітуі-бәрі-бәрі астамшылықтан туындап тұрғанын т.б. жайттарды біле қоймапты-ау деп, әрине, сөгуге болмайды. Тап күресі, тоталитарлық тәртіп, бірге туғандардың бірі бай, бірі кедей болғандықтан бір-бірімен жауласу, большевиктік зұлым саясатқа қарсы келмесін деп ақылды, зиялы, оқыған, санасы оянған сұңғыла жандарды халық жауы деп жойып жіберуі-бәрі де сол кеңес билігінің пәрменімен жүзеге асып еді ғой, ақын бұл жайтты біліп, сезсе де ашық айта алмайтыны анық еді. Бұл шумақтар қазақ ұлтын айта келе, сол кезде көп адамның көңіліне үміт ұялатқан, халқымыздың көсегесін көгертеді деп кеңестік билікке, құдіретті коммунистік партияға құлай сенген заман еді. Ақын да, қалың жұртшылық та ғаламат қаталдықпен жүргізілген репрессиядан үрейленіп, оңала қоймаған кез еді. Сондықтан да келесі шумақтарда ақын қызыл туды ерекше айтқан.

Қызыл ту-кеңестік мемлекеттің туы.
Енді, сірә, дүние,
Танисың ғой мені сен.
«Танысамын соғысып», -

Деп ойлама, тегі, сен.
Төрт құбылам түгел сай,
Қорқытпайды соғысың.
Жетпіс қабат қорғаңдай
Батысымда - орысым.
Шымқай болат киінген
Шұғылалы шығысым.
Тас түлектей түйілген
Қырғыз, якут туысым.
«Тағы» емеспін, тағы айтам,
Адаммын-ды бұрыннан.
Адаммын деп жылағам,
Адаммын деп қырылғам.
Тәкаппар ұлы дүние!
Қазақ деген мен деймін.
Мылтығыңды ұсынба,
Қолыңды ұсын, кел деймін!

Ақын ғұмырында адамның бір-бірінен айырмашылығы шамалы. Рас, біраз оқыған, тіреуі мықты саясаткер, біреу билік сапында көзге түскен, біреу қоғам келбетіне замана тынысын, уақыт талабын тез ұғына қоятын, соған сай қимылдайтын жан. Ал зұлымдық, қара ниеттілер көп болса, қиянат та, үйлесімдік те көп болады. Ендеше, ақын ойынша, адам баласы дауласса да, жауласпауы керек, ұғысуы керек, бір-бірімен тіл табысуы керек. Өлеңде мінез бар. Мінез-адамның жеке байлығы. Осы «Дүниеге жар» өлеңі арқылы ақынның шеберлік зертханасына кіруге болады.

Ақынның стильдік ерекшеліктері, шығармашылық шеберлігі, қабілет-қарымы тұтаса келіп, осы өлеңнен-ақ көрінеді. Оның шығармаларына қазіргі кезде жиі айтылып жүрген лирикалық прозаның элементтері тән оптимизм, өршілдік рух, жеңіл мұң, элегия, тегеуірінді ұстаным, берік сенім, философиялық иірімдерге ұмытыла алған сыршыл лиризм бар. Әр шығармасынан авторлық тұжырымдамасын әйгілеп тұрған лирикалық қаһарман бой көрсетеді ал, лирикалық қаһарман ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінеді.

Қасым Аманжолов поэзиясындағы мазмұн мен пішіннің ұштасуы көркемдік ұғымын ақынның жетік меңгеруіне жол ашқан. Ақын көркемдік ойлаудың биігіне көтеріле алған қаламгер санатына жатады, ал «Көркем сананың, эмоциялық белсенділігі, эстетикалық сезімнің кемелдігі, сергектігі, тез, шапшаң шабыттану, болжағыштық, тұтанғыштық қасиеттер көркемдік ойлаудың биігіне көтеріле алған қаламгерлер санатына жатады. Қасым Аманжолов-өз дәуірінің перзенті. Ол сол социалистік қоғамда өмір сүрді. Төңірегінде болып жатқан өзгерістер, сондай-ақ уақыт өте келе, жеке адаммен тұтас жұртшылықтың еркіндіктен тыс болуы-бәрі де оны бей-жай қалдырмады. Соғыста болу, өмір мен өлім беттескен, сұрапылдың бел ортасында болуы оны адамтану іліміне бастады. Пайымдай қараған жан ақын поэзиясында өзі ғұмыр кешіп жатқан қоғамды, құдіретті, күшті партия мен билікті жырға қосып, құлаш-құлаш өлең арнаған ақынды байқамайды, ол тақырыпқа арналған аздаған ғана шығармаларды көрер еді, есесіне адамтану ілімінен туындайтын жақсылық пен жамандық, сұлулық пен сыйықсыздық, өмір мен өлім сияқты мәңгілік мәселелерді жырлай келе, солардың әу бастағы қозғаушы күші. Адам атты күрделі әрі қуатты жаратындының, іс-әрекеті, пиғыл, мінез, ниетінен туындайтынын жете сезінгендіктен де көсіле жырлағанының көзі жетер еді.

Жалпы, ақын шығармашылығы туралы ертелі-кеш жарық көрген ірілі-ұсақты еңбектерді айтқанда, сол кезеңнің нақты саяси хал-ахуалын ірден аңғаратын дереккөз ретінде академик С.Қирабаевтың (2007), ғалым Т.Әбдірахмановаңың (1976), сонымен қатар, Қ.Аманжоловтың дәстүрі жайында кандидаттық диссертация қорғаған Қ.Қалиеваның (2010) еңбегінде т.б. айтуға болады. Аталмыш мақаланың өзекті проблемаға айналғанын, демек, бұрындары

тәуелсіздік идеясының өнерінде, әдебиеттану ғылымында өте сақтықпен айтылғанын есте ұстағанымыз абзал.

Қ. Аманжолов поэзиясының Махамбет, Абай, Мағжан, Ілияс сынды тұлғалардың әдеби мектебімен интертекстуалды байланысы айқындалып, дәстүр сабақтастығы мен авторлық жаңашылдық мәселесі нақты мысалдармен айғақталады. Ақын шығармаларындағы бейнелі метафоралар, лиризм мен пафостың үйлесімі, философиялық рефлексия мен азаматтық үннің тұтастығы – зерттеудің басты нәтижелерінің бірі. Ақын поэзиясындағы негізгі тақырыптар: еркіндік пен күрес рухы, отаншылдық, азаматтық пафос, лирикалық «меннің» даралығы.

Ғылыми тәжірибенің тарихына ден қойсақ, бір жайт ерекше ден қоюды қалайды: ол-бір әннің өлеңнің әнші немесе ақынның бағын ашатындығы. Біз жоғарыда келтірген бір ғана өлеңнің ақындық қуатпен буырқана келіп, ұлттық сананың серпілісі мен сілкінісіне алғышарттар жасағанын, ал, бұл жайт тұтаса келіп, ақын поэзиясындағы тәуелсіздік идеясының кескінделуіне қайнар көз болып табылады.

«Дүниеге жар» ақынның тәуелсіздікті аңсау идеясының бастау көзі, локомативі, бүкіл шығармашылығының алтын діңгегі, өзені, арқауы.

Ол бір ғана өлеңі арқылы тарихта қалуға лайықты тұлға, өнер иесі екендігі өз алдына, тұтас халқын биіктетіп, оған мәңгілік ескерткіш орнатып кетті. Олай болса, тәуелсіздік идеясының көрінісі Қ.Аманжолов шығармаларында ерекше орны бар бір туындысы арқылы талдауға тырыстық. Ал, дәстүр жалғастығын төмендегі ой-толғамымыз арқылы зерделенді.

Поэзия әлемінде, жалпы әдебиетте дәстүр және жаңашылдық ұғымдары тұрғысынан, бірінші, кезекке төл топырағымыздағы рухани шүйгіндік мәселесін аттап өте алмаймыз, себебі, кез келген, үлкен өнердің болмысына ортақ бір тамаша қасиет бар. Ол қасиет, әдетте, сол өнердің алды-артындағы рухани шүйгіндікпен дараланады. Шын мәнінде үлкен өнерді әбден орныға шыңдалған рухани дәстүр дүниеге әкеледі, ал рухани дәстүр дегеніміз-мәуелі дарақ сияқты тамырын тереңнен тартып, бұтағын кеңге жаяды. Олай болса, Қасым үшін рухани шүйгіндік болған құнар жырлар поэзиясы, әсіресе, Махамбет поэзиясындағы өршіл рух, Абай поэзиясындағы философиялық тереңдік, ұлт даналығы болды. Ақын поэзиясындағы солардың шығармаларындағы элементтердің болуы осы ойымызға дәлел болса керек. Бұл орайда, қазақ әдебиетінде үш арыс деп аталған ірілердің бірі І.Жансүгіров пен Қ.Аманжолов поэзиясындағы дәстүр сабақтастығы туралы мына ықшам еңбек назар аудартады.

Қыран қанатты ақын Қ.Аманжолов өлеңге деген таланты ерте оянған және оны өзі ерте сезіне отырып, артына эстетикалық әсері мол, бай поэзия қалдырды.

Қазақтың әні мен өлеңін,
Найзадай көтеріп келемін.
Шығыстың аласа аспанын

Түндіктей түріп бір тастадым, - дегенде ақын өзінің поэзия әлеміндегі орнын танып білгендей.

Құралайша күй кешкен,
Батыр билеп, бай жайлап,
Ханы қанап, қан ішкен.
Ішінен дерт, сырттан өрт.
Жарлыны жеп жегі құрт,-
десе, Қасым:
Қорқау қасқыр қой бағып,
Қара құзғын аң қағып,
Қара қабан бас болып,
Ішіп, жеп, мас болып,
«Патша, құдай, құран», деп
Талай елді қанаған,-дейді

Бұл жолдардағы сөз төркіні, мазмұн мағынасы, сөз қолдану тәсілі жағынан бірі екіншісін толықтырып, бірінің екіншісі заңды жалғасы болып тұрғаны дау тудырмас.

Қасым:
Хан тәңірі –
қарт Тянь-Шаньнің жүрегі...
Хан тәңірі –
көк аспанның тірегі...
Хан тәңірі –
жер жүзіне жария.
Хан тәңірі –
жүрегі – тас, қаны – сел,
Хан тәңірі –
лебі – боран, демі – жел.
Хан тәңірі –
қабағынан қар жауған,
Хан тәңірі –
балағынан қан тамған.
Хан тәңірі –
бұлт жамылып, мұз киген,
Хан тәңірі –
көкті құшып, күн сүйген-деп жырласа І.Жансүгіров (1960) «Гималай» өлеңін дәл осылай жазған.

Қасым өлеңдерін оқып, байыптап отырсақ Ілиясша «жырла тілім тақылда», «Тербелді, толқыды ауа желді желпіп», «Ән кетті көкке өрлей бұлтты серпіп», «Ән шықты, ән артынан сорғалады», «Күйші де тамылжыта күйін шертіп», «Тыңда әлем, барлық ұлт, барлық халық», «Заманалар, ғасырлар, бүкіл тарих» деген секілді толып жатқан бейнелі сөздер. Қасымның І.Жансүгіров мектебінен өткен, оны ұстаз тұтқан, одан үйренбек болған, соған ұқсағысы келген талант екенін танытады.

Мұның өзі мәдени даму, әдеби үрдістегі дәстүр жалғастыру ілгері дамыту деп аталатын заңды құбылыс.

Қ.Аманжолов өзінен бұрынғы, өзімен тұстас сөз зергерлеріне көңіл аудара, оларды оқи жүре, олардан үйрене жүре, өзіндік сөз өрнегін, өзіндік ақындық өресін танытатын еңбектерімен көрінген. Қ.Аманжолов І.Жансүгіровты үлгі, өнеге тұтқанда оның өмірді өлең ету тәсілдерін, түрін, стилін ғана ұстап, сонан ғана үйренген жоқ Ілиястың тіл, бейнелі сөз өрнегін, көркемдеу құралдарын қолдану тәсілдерінен де үйренді. Мұнан да Қасым өз шығармашылығының соңғы кезеңіне дейін Ілиястың өзіне ұнаған тәсілдерін, бейнелі сөз өрнектерін қолданып отырды. Мысалы, Ілияс «Жаңа дала» өлеңінде:

Бұлт қайырып, құрайлап,-

деп бұлтты жылқыға баласа, Қасым «Жылқышы жыры» дейтін өлеңінде:

Қызыл жал, қара кемер, қызбел қусақ,

Бауырында жылқым бұлттай жатыр жусап,-деп жылқыны бұлтқа теңейді. Осы екі көркемдеу құралдарын қолдану, бір жағынан, екі дәуір шындығын бейнелеп, өзара үйлесім тауып, белгілі мазмұнды білдірсе, екінші жағынан, әрі дәстүрлер жалғасын, әрі екі ақынның да қиынынан қиыстырар шынайы талант екенін дәлелдейді. Әрине, түр жағынан екі өлең екі басқа. Біріншісі жеті, екіншісі он бір буынды. Демек үн, әуен, ырғақ та басқа. Солай бола тұрса да көркемдеу құралдарын қолдану, дәстүрлер жалғасы көрініп тұр. Мәселен, Ілияс, бұл жолдарда, бір жағынан, ойын ұлттық сипатта, халықтың күнделікті тұрмыста атқарып жүрген кәсібі-мал бағу, жылқы бағу кәсібіне үйлестіріп бейнелеген. Ол кезде өндірісті әлі жете игере қоймаған, вагон табалдырығының өзіне «бисмилласыз» аяқ баса қоймайтын қазақ баласына күнде атқарып жүрген кәсібі мал бағуға, аспанда ұшқан құс, жүгірген жел жетпес жүйрік аэропланға балаудан артық ұғынықты нәрсе жоқ. Сондықтан ақын ойын халықтың күнделікті көріп жүрген дүниесі арқылы жеткізген. Оның өзін қиыннан қиыстырып, әдемі айтқан. Оның үстіне бұлт деген адам қолы жетпейтін, ғажайып бір табиғи күш саналатын қауымға, сол

бұлттың аэропланға бағынуы, жылқыша иірілуі де бір керемет. Өйткені, аэропланды ұшырушы-адам. Ол қазақтікі. Қазақ көгінде жүрген, қазақ дүниесі. Тіпті, қарапайым, өзінің құрайлап жылқы қайырғанына ұқсайды. Ал осы бейнелі тіркес бүгінгі ғарыш дәуірінің поэзиясына да жарасымды деп ұғамыз. Демек, бұл ақын поэзиясының ұрпақтан ұрпаққа кетер қасиеті, мәңгілік сипаты.

Ал, Қасым мұны керісінше, ел байлығын, халық, Отан байлығын көрсетуге пайдаланған. «Жылқым бұлттай жусап жатыр» деу де қазақ халқының байырғы кәсібімен мәндес ұғымда алынып, бейнелі сөз ақын ойын толық жеткізіп тұр. Жылқының көптігі шексіз, шетсіз аспанды әлденеше ораған бұлттай. Қалың жылқы-қалың бұлттай деп мазмұнды әдемі жеткізіп тұр. Мұның да екінің бірінің аузынан түсе бермейтін, қиыннан қиысқаны, мазмұн мен түрдің үйлесімі даусыз. Ал мұның бәрінің үстіне Қасымның Ілиястан үйренуін, оны өзіне үлгі тұтуын да дәлелдейді деп ойлаймыз. Жалғыз бұл ғана емес, Қасымның Ілиястың бейнелі сөз нұсқасынан көркемдеу құралдарын қолдану тәсілдерінен үйренгенін, пайдаланғанын дәлелдейтін жолдар, шумақтар жетерлік.

Ілияс:
Көгінен нұр төгілген,
Жерінен дүр гүл өнген,-
Көгінен күні нұр сепкен,
Жерінен гүлі жайқалып,
дейді.
Ілияс «Алтын қазан» дейтін өлеңін:
Жасарсын нәрі Алтайдың жаңарғандай,
Нұр алсын ен даланды ағарғандай.
Ауылға артта жатқан нұр болыңдар,
Жарқыра Риддердегі жаққан шамдай,-
деп, түйіндесе, Қасым «Сырдария аңызын»:
Сарғая ақтың сан ғасыр,
Сағына бізді күткендей;
Еліңе құт бол, ерке сыр,
Құмыңнан қырсық үріккендей,-деп, түйіндейді.

Қасымда объектіні жырлаудағы ақындық тәсіл, оны жырға өзек боларлық түйінін табу немесе мақсат, мұратқа мегзеу. Ой төркіні, сөз саптау, интонация, екпін жағынан Ілияс ықпалы оның әсері жатқаны дау тудырмайды. Мұның өзі, әсіресе, поэзияда ақын шеберлігін талап ететін қарапайымдылық, ұлттық сипатты білдіретін ерекшеліктер, бояулардан танылады.

Қ.Аманжолов өз халқының ұлттық сөз өрнегіне көп үңілген, одан үйрене отырып, ондағы халықтық дәстүрді ілгері дамытып әкеп қазақ поэзиясымен жалғастырған, оны өзінің қаламдас ағалары, өз тұстастары секілді жаңа мазмұн, жаңа сапамен байытқан, жаңартқан ақын.

Қазақтың халық ауыз әдебиетінде көп қолданылатын тәсіл-біркелкі бастау бар. Фольклорлық көп туынды «Ерте, ерте, ертеде», «Баяғы өткен заманда» деп басталады. Осы тәсілді жазба әдебиетіміздің бірқатар өкілдері қолданған. Мысалы, І.Жансүгіров(1960) «Бүгінгі дала» дейтін өлеңін «Ерте, ерте, ерте еді» деп осы халықтық үлгіні қолданып бастаса, «Кавказ» деген өлеңін «Кав тауы, Кавказ тауы ертеді» деп бастайды.

Дәл осы тәсілді Қ.Аманжолов та қолданған. Мысалы «Өмір» атты толғауын «Ерте, ерте ел болған, Ертеде талай ер болған» деп осы халықтық дәстүрді туралап қолданады.

Қорыта келе, айтатын болсақ, Қ.Аманжолов өзінен бұрынығы, өзімен тұстас сөз зергерлеріне көңіл аудара, оларды оқи жүре, олардан үйрене жүре өзіндік сөз өрнегін өзіндік ақындық өресін танытатын еңбектер жазған ақын.

Міне, осынау салыстыра талдау арқылы Қ.Аманжолов поэзиясындағы тәуелсіздік идеясын ақын ғұмыр кешкен уақыттың алды-артындағы рухани шүйгіндікке біршама зерделеу жүргіздік. Асылы, бір жайт, ерекше ден қоюды қажет етеді: ол-елінің азаттығын, дербестігін, егемендігін аңсау, идея етіп көтеру ақын үшін жеке басының еркіндігін сақтауға тырысуымен

тығыз байланысты.Егер осыны яғни осындай тәуелсіздікті аңсау сарынын кеңестік дәуірде әдебиеттанушы ғалымдар маркстік-лениндік әдіснама, аса қуатты идеология, социалистік реализм әдісі, қысқасы, тоталитарлық тәртіптің күшті кезінде тек қана тұспалдап айта алса, еліміз тәуелсіздік алған соң бұл мәселе мейілінше жан-жақты зерттеле бастады. Атүсті, үстірт шолып өткеннің өзінде де төмендегі еңбектерді атар едік (Ш.Елеукенов, 2010, С.Қирабаев, 2022, Д.Қамзабекұлы, 2002, Т. Медетбекұлы, 2011, Ә.Әбдиманұлы, 2007) т.б. Біз қарастырған осынша еңбектер қатарына ұлт ұстазы А.Байтұрсынов, (1988), сондай-ақ, іргелі еңбектер жазған М. Базарбаев (1997), З.Қабдолов (1992), Р.Нұрғали (2002), С.Негимов (2001), Б.Әбдіғазиұлы, (2002) т.б авторлар қаламынан туған ғылыми, теориялық еңбектер-бәрі де тоталитарлық тәртіпті емес, ишарамен болса да, ұлт руханиятын, ұлт мұрасын зерделеген дүниелер.

Қ.Аманжолов поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы мүмкіндігінше мұқият талданды. Бұл бағытта жазылған еңбектерге қосымша болса да пікір айтумен қатар, типологиялық талдау әдісі арқылы ақын шығармаларының басқа авторлардың туындыларымен идеялық сарындастығы,бағыттастығы және мазмұндастығы ашылды.Бұл Қасым Аманжолов поэзиясының жалпыұлттық әдеби процестегі орнын нақтылай түседі.

4. Қорытынды

Зерттеу қорытындылары Қ. Аманжолов шығармашылығының қазақ поэзиясындағы ұлттық рух пен тәуелсіздік санасының қалыптасуына тигізген әсерін ғылыми негіздейді. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы азаттық идеясын зерттеу бағытын кеңейтіп, болашақ іргелі ғылыми жұмыстарға негіз болады.

Мақаланың тұжырымдамалық идеяларын жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетінің тарихы мен поэзия теориясын оқытуда, сондай-ақ қазіргі әдебиеттану саласындағы іргелі зерттеулерде пайдалануға болады.

Еңбекте тәуелсіздік идеясы жай ғана тақырып емес, адамзаттық және ұлттық деңгейдегі ең киелі, экзистенциалды ұғым ретінде қарастырылды. Тоталитарлық жүйенің рухани қыспағында болған ұлттық болмыстың азаттық аңсары Қ. Аманжолов шығармашылығында ақынның дүниетанымымен, азаматтық ұстанымымен және стильдік ізденістерімен органикалық бірлікте зерделенді.

Ақынның жаңашылдығын түйсіну – қазіргі тәуелсіздік дәуірі әдебиетінің генезисін танудың негізгі кілті. Қ. Аманжолов мұрасындағы азаттық идеясы – ұлттық тәуелсіздік санасының поэтикалық манифесі.

Қ. Аманжолов шығармашылығындағы тәуелсіздік концепциясы бұрынғы еңбектерге қосымша ретінде емес, дербес ғылыми нысан ретінде зерделенді.

Қаржыландыру туралы мәлімет

Бұл зерттеу арнайы қаржыландырылмады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

М.Хамзин зерттеу тұжырымдамасын айқындап, әдіснаманы әзірледі, Қ.Тайжанова деректерді жинап, талдау жасады, М.Хамзин мен Қ.Тайжанова нәтижелерді интерпретациялап, мақаланың қорытынды нұсқасын дайындады

Деректердің қолжетімділігі

Бұл мақалада қолданылған деректер авторлардың сұрауы бойынша қолжетімді.

Әдебиеттер

1. Abdigaziuly, B. (2002). *Talant tugyry* [The pedestal of talent]. Almaty.
2. Abdirakhmanova, T. (1976a). *Qasym Amanzholovtyng poetikasy* [The poetics of Qasym Amanzholov]. Almaty: Zhazushy.
3. Abdirakhmanova, T. (1976b). *Qasym poeziyasy* [Dissertation abstract]. Almaty.
4. Abdimanov, O. (2007). *Qazaq adebietindegi ult-azattyq ideya* [National-liberation idea in Kazakh literature]. Almaty: Kazakh University.
5. Akhmetov, Z. T. (1996). *Adebiet terminlerinin sozdigi* [Dictionary of literary terms]. Almaty: Ana Tili.
6. Amanzholov, Q. (2014). *Tandamaly shygharmalary* [Selected works]. Almaty: Almaty Publishing House.
7. Baitursynuly, A. (1988). *Adebiet tanytqysh* [Theory of literature]. In Shygharmalary [Collected works]. Almaty: Zhazushy.
8. Bazarbaev, M. (1997). *Zamana tudyrgan adebiet* [Literature created by the era]. Almaty.
9. Dadebaev, Zh. (2001). *Zhazushy enbegi* [The writer's labor]. Almaty.
10. Eleukenov, Sh. (1997). *Adebiet zhane ult tagdyry* [Literature and national destiny]. Almaty.
11. Jarman, M. (2019). The lyric in verse and prose. *The Hudson Review, 72*(2), 343–351.
12. Kaliyeva, Q. (2010). *Qazaq poeziyasyndaghy Qasym dasturi* [Kasym's tradition in Kazakh poetry] (Dissertation abstract). Astana.
13. Kiraibayev, S. (2007). Qasym toiy [Kasym's celebration]. In *Kop tomdyq shygharmalar zhinaghy* (Vol. 5, p. 131). Almaty: Qazygurt.
14. Kiraibayev, S. (2022). *Tauelsizdik rukhymen* [With the spirit of independence]. Astana: Foliant.
15. Malroux, C. (1997). Translating Douglas Dunn into French, or how to steer between the prosaic and the lyrical. *Forum for Modern Language Studies, 33*(1), 21–26.
16. Mark, J. (2019). The lyric in verse and prose. *The Hudson Review, 72*(2), 343–351.
17. Medetbekov, T. (2011, September 20). *Klassik aqyn* [The classic poet]. Egemen Qazaqstan.
18. Negimov, S. (2001). *Aqyn-zhyraular poeziyasy* [Poetry of poets and zhyraus]. Almaty.
19. Nurgali, R. (2000). *Qazaq adebietining altyn gasyry* [The golden age of Kazakh literature]. Astana: Kultegin.
20. Parras, J. A. (1996). *Modern poetic prose: Lyricism, narrative, and the social implications of generic form.* Columbia University Press.
21. Qabdolov, Z. (1992). *Soz oneri* [The art of speech]. Almaty: Kazakh University.
22. Qamzabekuly, D. (2002). *Alash zhane adebiet* [Alash and literature]. Astana: Foliant.
23. Starr, G. G. (1999). Rereading prose fiction: Lyric convention in Aphra Behn and Eliza Haywood. *Eighteenth-Century Fiction, 12*(1), 1–18.
24. Starr, G. G. (2015*). Lyric generations: Poetry and the novel in the long eighteenth century.* Baltimore, MD: Johns Hopkins University Press.
25. Ysqaquly, D. (n.d.). *Qazaq eli, birayyz sozim sagan* [O Kazakh nation, my single word to you]. Almaty: Qazaqparat.